

Анестезиология.  
Анафилактикалық  
шоқ.

- Ауыру сезімін жою жолдарын зерттейтін
- медицина ғылым саласын анестезиология
- (гректің «а» – жоқ, aestesis – сезім, logos -
- сөз, ілім) дейміз. Анестезия терминін 1846
- жылы Мортон енгізді. Анестезияға келесі
- талаптар қойылады: барынша ауыру сезімін
- жою, науқасқа қауыпсыз болу, хирургке мол
- ыңғайлы жағдай тудыру

Қазіргі кездегі анестезиология жетістігінің арқасында жақ-бет аймағындағы барлық операцияларды толық жасауға мүмкіндік болып отыр.

Анестезия жалпы, жергілікті, аралас, болып бөлінеді. Аралас анестезияға жергілікті анестезия мен наркоз, жергілікті анестезия мен нейролептаналгезия, наркоз бен нейролептаналгезияның түрлері кіреді.

Хирургиялық операция  
кезінде ауыру сезімін жоюға  
бағытталған шаралардың  
жинағын жансыздандыру деп  
атаймыз.

**ЖАЛПЫ ЖАНСЫЗДАҢДЫРУ** Жалпы жансыздандыру немесе наркоз (грек – естен айырылып сіресіп қалу) организмге наркотикалық дәрілер енгізу арқылы орталық нерв жүйесінің жұмысын терең тежеу: наркозға ауру дегенде біртіндеп есінен айырылып, ауыру сезімі жойылып, бұлшықеттер босаңсып қозғалу және рефлексдер бәсеңдейді.

И.П.Павловтың теориясы бойынша наркоз «Орталық нерв жүйесінің уақытша жұмысының салдануы (паралич)». Наркотикалық дәрілерді организмге ендіру жолдарына байланысты наркоз ингаляциялық және ингаляциясыз деп бөлінеді.

□ Организмге әртүрлі наркотиктердің буы дем алу арқылы енгізілсе оны ингаляциялық немесе маскалы наркоз дейді. Егер бу және газ кеңірдекке түтік арқылы енгізілсе бұндай наркозды эндотрахеалды, интратрахеалды немесе интубациялық наркоз деп атайды

Анафилактикалық шок (АШ) - ағзаға аллергендер енгенде жедел түрдегі аллергиялық реакцияны тудыратын, қанайналым, тыныс алу, орталық жүйке жүйесінің ауыр бұзылыстарымен сипатталатын, жедел дамидын, өмірге қауіпті патологиялық үрдіс.



Анафилактикалық шоктың клиникалық ағымы бойынша жіктелуі:

1. Қасқағымды ағымы – жіті басталатын, есінен тану, тыныс жетіспеушілігінің үдеуімен жүреді. Қасқағымды шок ағымының ерекшелігі-шокқа қарсы қарқынды терапияға тұрақты болуы және терең коматозды жағдайға дейін тез өршуі.

Өмірге

маңызды мүшелердің зақымдалуына байланысты алғашқы минутта немесе сағатта өлімге әкеледі